

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
КАФЕДРА: ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ**

**Тұтынушы құқығын қорғау Комитетінің құрылымы
және мемлекеттік санитарлық -эпидемиологиялық
жүйесінің жұмысының қазіргі кездегі бағыттары**



Орындаған: Ағабекова Аяулым
Факультет тобы: МПД13001-01
Қабылдаған: Баймолдин Нұрғиса

Тұтынушы – жеке, отбасында, үй ішінде және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға ғана арналған тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тапсырыс беру немесе соларды сатып алу ниеті бар не тапсырыс беретін, сатып алатын және (немесе) пайдаланатын жеке тұлға;



- Қазақстан Республикасы Президентінің **2013 жылғы 13 қарашадағы № 691** Жарлығымен Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) құрылды және
- оған мынадай: Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінен (Монополияға қарсы агенттік) – тұтынушылардың құқықтарын қорғау;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінен – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы;
- Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен – тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын, сондай-ақ тағам өнімдерін өткізу сатысында оның қауіпсіздігі саласын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру саласындағы функциялар берілді.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің **2014 жылғы 6 тамыздағы № 875** Жарлығымен Агенттік таратылды, бұл ретте Агенттіктің функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 15-ж бұйрығымен Комитеттің төрағасы болып Әлиақпар Болатұлы Мәтішев тағайындалды.



- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) өз құзыреті шегінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау саласындағы, сондай-ақ тамақ өнімдерін өткізу сатысындағы олардың қауіпсіздігі саласындағы басшылықты және реттеуді жүзеге асыратын (бұдан әрі – реттелетін сала), салааралық үйлестіруді, стратегиялық, реттеуші, бақылау-қадағалау, іске асыру және рұқсат беру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомствосы болып табылады.



ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау:
 - 1) тұтынушылардың экономикалық мүдделеріне жәрдемдесу және осы мүдделерді қорғау;
 - 2) сатушы (дайындаушы, орындаушы) ұсынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ақпараттың қолжетімділігі және дұрыстығы;
 - 3) тұтынушыларды сауаттандыру;
 - 4) тұтынушылардың заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;
 - 5) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысуы;
 - 6) тұтынушыларды қауіпсіз және сапалы тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.
- 1-тарау 2-1-баппен толықтырылды - ҚР 21.04.2016 № 504-V Заңымен



□ 7-бап. Тұтынушылардың құқықтары

□ Тұтынушылардың:

1) тауарларды (орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасуға;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы сауаттандыруға;

3) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алуға;

4) қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алуға;

5) тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдауға;

6) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына;

7) тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге;

8) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтетуге;

Комитет:

- ▣ Санитариялық-гигиеналық қадағалау басқармасынан;
- ▣ Эпидемиологиялық қадағалау басқармасынан;
- ▣ Мониторинг және тәуекелдерді бағалау басқармасынан;
- ▣ Тексерулерді есепке алу және мемлекеттік қызметтерді көрсету басқармасынан;
- ▣ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасынан;
- ▣ Қоғамдық бірлестіктермен және тұтынушылармен өзара іс-қимыл басқармасынан;
 - ▣ Заң қызметі басқармасынан;
- ▣ Тілдерді дамыту және құжат айналымы басқармасынан;
 - ▣ Экономика және қаржы басқармасынан;
 - ▣ Әкімшілік қамтамасыз ету басқармасынан;
 - ▣ Зертханалық қызметті дамыту басқармасынан;
- ▣ Техникалық регламенттер талаптары мен санитариялық шаралардың сақталуын бақылау басқармасынан;
 - ▣ Ұйымдастыру-кадрлық жұмыс басқармасынан тұрады.

Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

Міндеті: тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету.



ИНФОРМАЦИОННО-
АНАЛИТИЧЕСКИЙ
ЦЕНТР: INANCE.RU

Функциялары:

- ✓ шаруашылық және (немесе) өзге де қызметтің және халық тұрмысының ерекше шарттарымен шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу; тексерулердің, бақылаудың өзге нысандарының және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру;
- ✓ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен халықтың кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу; адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп танылған жағдайда, шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;
- ✓ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жағдайларды қоспағанда, йодталмаған тұзды өткізуге тыйым салу;
- ✓ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру; өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;
- ✓ реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың және жобалардың, стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;
- ✓ өз құзыретінің шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; тамақ өнімдерін өткізу сатысында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ✓ өз құзыретінің шегінде тағамнан уланулар, инфекциялық, паразиттік және басқа да аурулар кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу
- ✓ республиканың аумағын инфекциялық, паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан санитариялық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

«Тұтынушының өз құқығын қорғауға құқығы бар»

ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы»
Заңының 7-бабына сәйкес

Тұтынушының құқықтары бұзылды ма?
Сұрақтарыңыз бар ма? Толығырақ kzpp.gov.kz сайтында



Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің құрылымы



Аумақтық бөлімшелер және ведомстволық бағынысты ұйымдар

- ❖ Аумақтық департаменттер
- ❖ Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары
- ❖ Ғылыми орталықтар
- ❖ Обаға қарсы күрес станциялары
- ❖ Дезинфекция станциялары

САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГОИЯЛЫҚ ШОЛУЛАР

- 2016 жылғы 1-ші ітоқсан бойынша Қазақстан Республикасындағы жұкпалы аурулардын эпидемиологиялық жағдайы (жүктеу)
- Қызылорда облысы. Конго-Қырым кызбасы ауруынын табиғи ошақтарында профилактикалық іс-шаралар жүргізілді (жүктеу)
- Анализ эпид ситуация за два месяца 2016г (жүктеу)
- Оңтүстік Қазақстан облысында 2016 жылдың 2 айында тұрғындар арасында құтырма ауруынын тіркелуі туралы (жүктеу)
- Алка мәжілісінде ауданның санитариялық-эпидемиологиялық ахуалы тындалды(жүктеу)
- Атырау облысының Исатай ауданы әкімдігі алкасында 2015 жылдың қорытындысымен ауданда калыптасқан санитариялық-эпидемиологиялық ахуал талкыланды(жүктеу)
- Ақтөбе облысының жаналықтары (жүктеу)
- Иммунизация туралы акция (жүктеу)
- Қазақстан Республикасындағы ЖРВИ және тұмау бойынша эпидемиологиялық жағдай туралы (жүктеу)
- 15-19 жастағыларды қызылша ауруына қарсы қосымша егу туралы (жүктеу)
- Ақтөбе облысының Темір ауданындағы сарып ауруынын санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы туралы (жүктеу)
- Ақтөбе облысы бойынша вирусты гепатит «А» аурушандылығының эпидемиологиялық жағдайы (жүктеу)
- Жоғары патогенді құс тұмауы, алдын алу шаралары (жүктеу)
- Жіті вирустық гепатиттердің алдын алу (жүктеу)



БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТАРҒА ШОЛУ

- Шет елдегі санитариялық – эпидемиологиялық ахуал
- Зика қызбасы туралы (жүктеу)
- 13.10.2011ж Құс тұмауы - Индонезиядағы жағдай (жүктеу)
- Свердловск облысында балабақшадағы 70 -тен астам бала тамақтан уланды(жүктеу)
- Пәкістаннан әкелінген жабайы полиовирустың таралуы (жүктеу)
- Башқұртстанда вирусты гепатиттің бұрқ етуі тіркелді (жүктеу)



Жаңалықтар архивы

Санитариялық-эпидемиологиялық сұхбаттас

- Шығыс Қазақстан облысының табиғи - климаттық жағдайының күйдіргі індетінің қоздырғышының сақталуына қолайлы болуына байланысты облысымыздың 1/5 бөлігінде күйдіргі бойынша қолайсыз пункттер бар. Облыс аумағында (1948 жылдан бастап) күйдіргі бойынша 196 стационарлық – қолайсыз пункттер (бұл пункттерде күйдіргі індетінен өлген жануарлар сойылған, жіліктелген, өліктері заңсыз көмілген немесе күйдіргімен ауырған адамдар) не жануардың ауру тіркелген жерлер. 2000 жылдан бері тұрғындар арасында аурудың 14 бірлі-жарымды жағдайлары тіркелгендігі орын алған. Соңғы бір жағдай 2008 жылы Ұлан ауданының Ново-Канайка ауылында, Жарма ауданының Әуезов елді мекенінде және 2011 жылы Үржар ауданының Мақаншы ауылында тіркелген. Сонымен күйдіргі дегеніміз қандай ауру? Күйдіргі (сібір жарасы) дегеніміз—аса қауіпті жұқпалар тобына жатады. Күйдіргімен барлық ауылшаруашылық жануарлар, жабайы аңдар, сонымен бірге адамдар да ауырады. Күйдіргінің қоздырғыштарының негізгі сақталатын жері топырақ, онда қоздырғыш 70 жыл не одан да көп жылдар сақталады және осы уақыт ішінде ауылшаруашылық жануарлар үшін аурудың ошағы болып табылады. Адамдарға жұғу факторлары; ауырған малдардың еті және еттен жасалған өнімдері, қаны, сүйегі (ауру көздері), зарарланған сыртқы жамылғысы (жүні, терісі). Сонымен қатар су, топырақ, қора ішіндегі қи, ауру таратуға себепші болуы мүмкін. Індеттің адамдарға жұғуы аурумен қатынаста болғанда, қоздырғыштардың адам терісіне, жарақат, сызат арқылы өтіп адам ағзасында күйдіргінің тері түрі болуы мүмкін. Одан басқа зарарланған тағамдар және тыныс жолдарына дем алғанда қоздырғыштармен зарарланған ауа арқылы да жұғуы мүмкін. Адамдар үшін инкубациалық мерзім, ауру қоздырғышы енгеннен соң, бірнеше сағаттан, 4-7 күнге дейін созылуы мүмкін. Аурудың дене қызуы 39-40°С дейін көтеріледі. Қызарған қатты бөртпе қышып жараға, карбункулға айналады. Ауру белгілері біліне бастасымен, дереу медициналық көмекке жүгіну керек, уақытында дәрігерге қаралмай, өз бетімен, немесе халық емін қолдану арқылы емдеу бұл ауру үшін аса қауіпті. Қазіргі медицинадағы арнайы қолданылатын дәрілерді уақытында пайдаланылған жағдайда, бұл аурудан құлан – таза айығып кетуге болады. Күйдіргінің індетінің алдын алудағы қажетті шаралар: - жануарлардың өнімдерін, жануарларды күту кездерінде жеке бас гигиенасын сақтау; - мал өлгенде немесе аурудан мал шарасыз сойылған жағдайда ветеринар мамандарға хабарлау, мал өлексесін өз бетінше жоймау; - күйдіргіге қарсы егілген малдарды тек (!) 14 күннен кейін ғана союға болады; -мал өнімдерін және етті арнайы ветеринарлық бақылаудан өтпеген және сатуға тиісті рұқсатынсыз көшеде, ауыл аралап жүріп сататын бейтаныс кісілерден алуға болмайды. Себебі олар көбінде ауырған малды сойып, ветеринарлық мамандарға көрсетпей, сатып жіберуге тырысады. Аурудың шығуына себеп болатын да осындай жағдайлар.



КОМИТЕТТІҢ АҒЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ. 2016 ЖЫЛҒЫ НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ ӨНІМДЕР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ МОНИТОРИНГІ

Наурызда өнімнің қауіпсіздігіне мониторингті жүзеге асыру барысында Комитет 3621 өнім үлгілерін алды, тиісті талаптарына сәйкес келмейтіні - 514 оның ішінде: 2 633/305 тамақ өнімдері; 293/93 балаларға арналған тауарлар; 261/6; тұрмыстық химия тауарлары; 79/12 арнайы тамақ өнімдері; 132/3 парфюмерлік-косметикалық өнімдер; 97/61 киім, аяқкиім, адамның терісімен жанасатын бұйымдарға (өнім) арналған материалдар. Кәсіпкерлік бизнес субъектілеріне анықталған бұзушылықтар нәтижелері бойынша тиісті түсіндірмелері бар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы 152 ұйғарым берілді. Техникалық регламенттер талаптарын қамтамасыз ету үшін негізгі бұзушылықтар болып табылады: (сақтаушарттары туралы ақпараттың, өндірілген күні, жарамдылық мерзімі мемлекеттік тілдің және сәйкестік белгісінің болмауына) қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздік жарияланған қасиеттеріне немесе физика-химиялық параметрлеріне, таңбалау бойынша сәйкес келмеу және т.б. Нұсқамаларды уақтылы немесе тиісінше орындамағаны үшін 37 әкімшілік материал қозғалды және сот органдарына берілді. Сот талқылауының нәтижелері бойынша 9 466970 млн. тенге сомасына 36 кінәлі адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды 4 шаруашылық етуші субъектінің қызметі уақытша тоқтатыла тұрылды. 860 621 теңге сомасына сәйкес келмейтін 2301,73 кг өнім саудадан алынды.



ҚОРЫТЫНДЫ

- ▣ **«Санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы тәуекелдерді басқару және қауіп-қатерді бағалау». «Өңірдің санитариялық-эпидемиологиялық паспортын әзірлеу және енгізу бойынша ұсыныстар дайындау»** (орындау мерзімі - 2014 жылғы шілде).

2014 жылғы сәуірде Агенттіктің жұмыс тобы өңірдің санитариялық-эпидемиологиялық паспортын (бұдан әрі – Өңір паспорты) әзірлеу және енгізу бойынша ұсыныстарды дайындады.

- ▣ Өңір паспорты санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы тәуекелдерді және санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайларды шоғырландыруға және жоюға дайындықты айқындауға және бағалауға, олардың туындау тәуекелдерін азайтуға, сондай-ақ олардың салдарларын азайтуға арналған.
- ▣ Паспорттың жобасында мынадай бөлімдер көзделген: өңірдің әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы, эпидемиологиялық процестің негізгі көрсеткіштері, қоршаған ортаның факторлары, санитариялық-гигиеналық аяны сипаттайтын факторлар.



- **«Санитариялық қағидаларда белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың бұзылғаны үшін жауапкершілік шараларын күшейту бойынша ұсыныстар дайындау» (орындау мерзімі – 2014 жылғы қыркүйек).**
- Соңғы 5 жылда (2010-2014ж.) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманы бұзу статистикасына жүргізілген талдау бұзушылықтардың ұлғаю үрдісін анықтамады. Оның негізгі себебі бірінші кезекте тексерулердің бірнеше есеге қысқаруы есебінен объектілерді тексеру санының қысқаруы туындады.



Әдебиеттер:

1. Лисицын Ю.П. Общественное здоровье и здравоохранение: Учебник. – 2-е изд., перераб. и доп. – ГЭОТАР-Медиа, 2007. – 512 с.

2. Отношение населения к своему здоровью и системе здравоохранения: результаты социологического исследования/ под ред. Г.Нокиной, В.Гуревич. – Алматы: «Фонд XXI век», 2002. – 220 с.

3. Применение методов статистического анализа для изучения общественного здоровья и здравоохранения: Учебное пособие для вузов / Под ред. В.З. Кучеренко. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2007. – 256 с.

4. Сакбаев О.С., Вагнер А.В. Совершенствование методологии изучения и оценки здоровья

ҰЭМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің
«Санитариялық- эпидемиологиялық сараптама

Материал взят с сайта Комитета по защите прав потребителей
Республики Казахстан

Источник:

http://kzpp.gov.kz/kaz/o_komitete/territorialnye_podrazdeleniya/nauchnye_centry/



Кері байланыс сұрақтары

- 1.Тұтынушылар құқығын қалай түсінесіз?
- 2.Коитеттің құрылу себебі?
- 3.Комитет құрылымы қандай?
- 4.Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама
мыңызы?

